

2

«Жасыл ел» –
азаматтық мектеп

4

Ақын шығармашылығы –
адами құндылық өлшеміЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз
августаГОЛОСУЙ
ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!

www.election.gov.kz




Сыр бойы

№118 (21193) 11 тамыз, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНИ

ТЫҢНАН ТҮСКЕН КӨЛІК ДӘЛІЗІ СЫРҒА СЕРПІН БЕРЕДІ



Өткен апта басында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев телекөпір арқылы елдегі үш маңызды жол құрылысын бастауға пәрмен берді. Бұл – «Қызылорда-Сексеуіл», «Бейнеу-Сексеуіл» және «Ұлғайсын-Сексеуіл» автобаны. Телекөпірде Үкімет басшысының бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев жобаларға әзірлік туралы баяндады. Құрылысты 2029 жылға қарай аяқтау жоспарланған.

Әсіресе, Президент 800 шақырымдық «Бейнеу-Сексеуіл» бағытындағы тың жолдың құрылысы басталғанына ерекше тоқталды.

– Осы жол ел аймақтары арасындағы байланысты нығайта отырып, Қытай мен Еуропаны жалғайтын «алтын көпір» ретінде қызмет етеді. Бұл жоба Қытай шекарасындағы өткізу бекеттерін Ақтау, Құрық порттарымен тікелей байланыстырады. Соның нәтижесінде Қытайдан Еуропаға дейін жүк тасымалдау ұзақтығы 1 мың шақырымға, ал жүк жеткізу мерзімі 3 тәулікке дейін қысқарады. Халқымыздың таным-түсінігінде құдық қазу, көпір салу сауапты іс саналады. Осы тұрғыдан алып қарасақ, біз игілігі баршаға ортақ, яғни өзіміз де, өзгелер де пайдасын көретін аса жауапты жұмысты бастап отырмыз. «Бейнеу-Сексеуіл» бағыты республикалық, аймақтық, құрлықтық деңгейдегі маңызды жол болары анық. Сондықтан бұл жолды «Арал-Каспий магистралі» деп атаған дұрыс, – деген болатын Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, ұзақтығы 774 шақырымды құрайтын «Қызылорда-Сексеуіл», «Ұлғайсын-Сексеуіл» жолдарын кеңейту, түбегейлі жаңғырту жұмыстарын айтып өтті. Белгілі болғандай, бұл екі жобамен отандық компаниялар айналысып, 10 мыңнан астам жұмысшы тартылады. Жол толық салынып біткен

соң жүк тасымалы 2,5 есе артып, жылына 13,2 миллион тоннаға жетпек.

– Басты мақсат – елімізді Еуропа мен Азияны жалғастыратын жетекші логистикалық желінің біріне айналдыру...

...Арал маңындағы иен даламен тартылып саналып келген бағыттарды Еуразияның негізгі көлік дәліздерінің тоғысына айналдырады. Бүгін бастау алып жатқан жұмысты уақытылы, яғни 2029 жылдан кешіктірмей аяқтау өте маңызды. Қажетті жағдайдың барлығы жасалып жатыр. Енді білек сыбана жұмысқа кірісу керек. Біз бір ел болып, бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асырамыз. Мен бұған көміл сенемін. Баршанызға амандық, сәттілік және табыс тілеймін! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-бет

/// ӘЛЕУМЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТ

БЖЗҚ: ТӘУЕКЕЛ ТАБЫС ӘКЕЛЕ МЕ?



Зейнетақы жүйесінде ауқымды реформалардың бірі жүзеге асқалы отыр. Қабылданған заңнамалық өзгерістерге сәйкес, зейнетақы жинақтарын басқару тәртібі жаңарып, жұртшылыққа өз қаражатын басқаруда бұрынғыдан да кең мүмкіндік беріледі. Бұған дейін салымшылар міндетті зейнетақы жинақтарының тек 50 пайызын ғана жеке инвестициялық портфельді басқарушы компанияларға аудара алатын. Жаңа заң күшіне енгеннен кейін бұл шектеу алынып, жинақтың 100 пайызын жеке басқарушы компаниялардың басқаруына бере алады. Бұл өзгеріс әр адамға жинағын қалай басқаруды өзі таңдауға мүмкіндік береді, яғни қаражатты бұрынғыдай БЖЗҚ-да қалдыруға да, инвестициялық табысты арттыру мақсатында жеке басқарушы компанияларға беруге де болады. Бұл – таңдау еркіндігін кеңейтуге бағытталған реформа.

Қаржы нарығында жоғары табыс әрдайым белгілі бір тәуекелмен қатар жүреді. Сондықтан жеке басқарушы компанияны таңдаған адам инвестициялық тәуекелді де өз мойнына алады. Зандығы маңызды жаңалықтардың бірі – келер жылдан бастап жеке басқарушы компаниялардың басқаруындағы қаражат бойынша инфляция деңгейіне қатысты мемлекеттік кепілдіктің болмауы. Енді инвестициялық табыс инфляциядан төмен болса, айырмашылықты мемлекет өтемейді. Дегенмен бұл басқарушы компаниялардың жауапкершілігін азайт-

пайды. Егер шығын олардың тиімсіз немесе кәсіби талаптарға сай емес басқаруының салдарынан туындаса, заңнамаға сәйкес олар келтірілген залалды өз қаражаты есебінен өтеуге міндетті.

Тәуекелге барғысы келмейтіндер үшін бұрынғы жүйе сақталды. Олар жинақтарын БЖЗҚ-да қалдыра алады. Бұл жағдайда қаражатты Ұлттық банк басқаруды жалғастырады және заңда көзделген мемлекеттік кепілдіктер сақталды. Сондықтан реформа барлық адамның жеке қаржылық ұстанымына қарай таңдау жасауына мүмкіндік береді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕГЕ ЖАҚЫНДАУ

Сарапшылардың пікірінше, бұл өзгерістердің негізгі мақсаты – Қазақстанның зейнетақы жүйесін халықаралық тәжірибеге бейімдеу. Көптеген елдерде жинақтарын бірнеше инвестициялық компания арқылы басқару мүмкіндігі берілген. Сонымен қатар негізгі мақсат – зейнетке шыққаннан кейінгі тұрақты табысын арттыру. Себебі инвестициялық табыс жоғары болған сайын болашақтағы зейнетақы мөлшерінің де өсу мүмкіндігі артады.

2-бет

/// КӘСІП ТҮБІ – НӘСІП

ТАҢШОЛПАННЫҢ ТҮЙЕЛЕРІ



Қазалы ауданында тұратын Таңшолпан Файзрахманованы жергілікті жұрт түйеші келіншек ретінде таниды. Бір емес, екі қызыл дипломы бар кейіпкеріміздің таңдаған жолы өзгеше. Бір мамандығы – бухгалтер-экономист, екіншісі – бастауыш сынып мұғалімі. Алайда ол мамандығы бойынша қызмет етіп, мансап қуған жоқ. Керісінше ауыл тіршілігіне білек сыбана кірісіп, бүгінде атақәсіптің бір қырын заманауи тәсілмен дамытып келеді.

Таңшолпан осыдан 14 жыл бұрын Қазалыға келін болып түскен. 2019 жылдан бері жолдасы екеуі Шәкен ауылдық округіне қарасты Сайқұдық елді мекеніне қоныс аударып, мал шаруашылығымен айналысып келеді.

– Әуелгі кезде шөп шауып, оны сатып күнелттік. Кейін жер алып, қой, сиыр, жылқы басын көбейттік. Түйе шаруашылығына ден қойғалы бес жылға жуықтады. Кәсібіміз екі бас түйе сатып алудан басталды. Өзім бала күнімен бұл түлікті көріп өстім, әкем де түйе асырады. Сондықтан маған таңсық болған жоқ. Бес жылда 50-ге жуық түйе жинаппыз, – дейді Таңшолпан.

Түйе шаруашылығын қолға алған отбасы бүгінде мал басын көбейтіп қана қоймай, одан алынатын өнімді де тиімді пайдаланып отыр. Ойсылқара тұқымы негізінен екі жылда бір боталайды. Дегенмен, кейіпкеріміздің қорасында жыл сайын 8-9 бота дүниеге келеді. Таңшолпан күнделікті бес түйе сауып, одан шамамен 10 литрдей сүт алады.

Сауын түйелерінің әрқайсысына ат қойған. Төрт түліктің мінез-құлқын бес саусағындай білетін ол олардың да өзіне бауыр басқанын айтады. Тіпті қасына өзге адамды жуытпайтын көрінеді.

4-бет



ЖАСТАР КЕШІ КӨҢІЛДІ

Мемлекет басшысының «Заң мен тәртіп» қағидатын қоғамда кеңінен насихаттау, жастардың құқықтық сауаттылығы мен мәдениетін арттыру, заңға құрметпен қарау және азаматтық жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыру – күн тәртібінен түспейтін мәселенің бірі. Осы орайда Халықаралық жастар күніне арналған онкүндік іс-шаралар аясында Қаладағы Президент паркінің амфитеатрында «Жастар және заң мен тәртіп» тақырыбында облыстық «Жайдарман» ойындары ұйымдастырылды.

Көңілді әрі танымдық іс-шараға Қызылорда қаласы және аудандар бойынша жас жайдарманшылар қатысып, қоғамдағы өзекті мәселелерді әзілмен әрлеп, ұтқыр оймен жеткізуге тырысты. Өнерлі де белсенді жастардан жасакталған командалар осындай шағын ғана сахналық қойылымдар арқылы қоғамдық тәртіпті сақтау, заң талаптарына құрметпен қарау және азаматтық жауапкершілікті арттыру мәселелерін көрермен назарына ұсынды.



2-бет

Валюта бағамы:

\$ 469,93 kzt

€ 541,64 kzt

₸ 5,71 kzt

Ауа райы:

Сейсенбі

☀️ +38°

🌙 +23°

Сәрсенбі

☀️ +37°

🌙 +24°



«ЖАСЫЛ ЕЛ» – АЗАМАТТЫҚ МЕКТЕП

Жыл сайынғы үрдіс бойынша қазір «Жасыл ел» еңбек жасағы жер-жерде жұмыс жасап жүр.

Қорқыт ата аллеясында сенбілікке атсалысып жатқан осындай еңбек жасағының бір топ сарбаздарымен облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев кездесті.

Емен-жарқын жүздесуде аймақ басшысы табиғатты қорғау, қоршаған ортаны таза ұстау өркеніетті қоғамның басты құндылығы екенін атап өтті.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыхалықтық экологиялық акциясы аясында өңірімізде ауқымды жұмыс атқарылуда.

Шілде айының басында күшіне енген халықтық Конституцияда табиғатты қорғау, қоршаған ортаға ұқыпты қарау қағидаты алғаш рет заң деңгейінде бекітілді. Ендігі жерде қоршаған ортаға жанашырлық таныту – әрбір азаматтың конституциялық парызы.

Қызылорда қаласындағы орталық алаң, қалалық мәдени-демалыс паркі, Президент саябағы, бүгінгі сенбілік өтіп жатқан Қорқыт ата саябағының жаңаша келбетке



енуі – өңіріміздің әлеуметтік инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған жүйелі саясаттың жемісі. Осындай игі істердің бел ортасында әрдайым «Жасыл ел» еңбек жасағының сарбаздары жүреді. «Жасыл ел» – маусымдық жұмыс емес, жастарды

еңбекке баулитын, елжандылыққа тәрбиелейтін, қоғамдық жауапкершілікті қалыптастыратын үлкен азаматтық мектеп. Бұл жоба арқылы мыңдаған жас алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтап, туған жердің дамуына сүбелі үлес қосып келеді.

АЯҚСУ ЖЕТКІЗУДІҢ АМАЛЫ

Қала аумағында жалпы ұзындығы 98,6 шақырым 68 көшеде арық жүйесі бар, 4,4 шақырымға созылған үш көшеге ірі лоток, 68,6 шақырымдық 39 көшеге кіші лоток орнатылған.

Арық жүйелерін күтіп ұстау және қалпына келтіруге «Қызылорда тазалығы» мекемесінің жұмысшы тобы жұмылдырылған. Мамандар бекітілген жұмысты тұрақты жүргізуде.

Кеше облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, қала әкімі Нұржан Ахатов және жауапты сала басшылары Қызылорда қаласындағы нысандарды аралап, арық жүйелеріне су жеткізу, тазалау және абаттандыру жұмыстарын көрді.

Алдымен М.Шоқай, Ж.Абдрахманов көшелері мен Б.Шөкенов атындағы саябаққа барды.

Алдағы жоспар бойынша Қызылжарма каналы қайта жаңғыртылғаннан кейін насос қондырғыларын орнатып, бірқатар аумакқа аяқсу беріледі. Бұдан бөлек, Әйтеке би және Қазыбек би көшелеріндегі аяқсу жүйесін қалпына келтіру, насос арқылы су айналымын қамтамасыз ету көзделген. Сондай-ақ Бейбарыс сұлтан көшесі мен Н.Назарбаев даңғылынан

М.Шоқай көшесіне дейінгі аралықтағы арық қалпына келтіріліп, аяқсу жүйесіне қосылады. М.Шоқай, Е.Көшербаев және Жеңіс көшелерін қамтамасыз етуде де тиісті жұмыстар қолға алынған.

Жауапты сала мамандары жұмысты белгіленген мерзімде, талапқа сай, сапалы етіп аяқтап, қаладағы аяқсумен қамту мәселесін тұрақты бақылауы керек.

Бұдан кейін аймақ басшысы тұрғындар жиі бас қосатын теміржол саябағына барды. Ондағы тазалық, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын тексеріп, нақты тапсырма берді.

«СБ» ақпарат

ЖАСТАР КЕШІ КӨҢІЛДІ

Жастар арасындағы қызықты сайысқа облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов қатысып, іс-шараға арқау болып отырған негізгі тақырыптың мазмұнына кеңірек тоқталды.

– Заң мен тәртіп – орнықты қоғамның негізгі тірегі. Құқықтық мәдениет тек заң талаптарын білу немесе оны орындаумен шектелмейді. Ол – әр азаматтың өз құқығы мен міндетін терең түсінуінен, қоғамдық ортадағы жауапкершілігін сезінуінен басталады. Әсіресе, елдің ертеңін қалыптастыратын жастардың бойында осы құндылықтардың берік орнығуы аса маңызды. Бүгінгі «Жайдарман» ойыны – жастардың шығармашылық әлеуетін танытумен қатар, қоғамдағы өзекті мәселелерді ашық көтерудің, азаматтық ұстанымды әзіл арқылы жеткізудің тиімді алаңы. Жастардың құқықтық сауаты жоғары, ойы сергек, жауапкершілігі мол болған сайын қоғам да соғұрлым берік болады. Сондықтан «Заң мен тәртіп» қағидаты күнделікті өмір салтына айналуы тиіс, – деді Руслан Мұхамедәліұлы.

Айта кетейік, биылғы Халықаралық жастар күніне арналған мерекелік іс-шаралар Ата Занымыз – ҚР Конституциясының күшіне енуі және алдағы Құрылтай депутатыларының сайлауы аясында өткізілуде. Осыған орай 10-12 тамыз аралығында республика көлемінде «Жастармен бірге!» акциясы ұйымдастырылып, оның басты іс-шарасы Астанадағы «Jastar Fest» республикалық жастар фестивалі өтеді.

Бұдан бөлек, Абай күніне арналған әдеби кештер, кітап оқу мәдениетін насихаттайтын «Оқы. Ойлан. Өзгер.» акциясы, «100 минут оқу» челленджі, сондай-ақ экологиялық және волонтерлік акцияларға өңір жастары жоғары белсенділікпен қатысуда. Сондай-ақ жастарға білім алу, жұмысқа орналасу, кәсіпкерлік пен мемлекеттік қолдау тетіктері бойынша кеңес беретін бірінғай жастар алаңдары тұрақты жұмыс істейді.

«СБ» ақпарат

/// МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ ИЕСІ

АЛҒЫСҚА БӨЛЕНГЕН ЖҰП

Дәрігер болу кәсібі біліктілікті ғана емес, үлкен жүректі, төзімділікті талап етеді. Әсіресе адам өмірі қыл үстінде тұрған сәттегі әрбір шешім мен әрекеттің маңызы зор. Осындай жауапкершілігі мол салада қызмет етіп келетін алтын қолды дәрігер Әбілмәжит Нысанов Президент қолынан «Парасат» орденін алды.



Медицина саласының майталманы 1955 жылы Арал ауданына қарасты Қамыстыбас станциясында дүниеге келген. Орта мектепті тәмамдаған соң фельдшер мамандығын меңгерді. Әскери борышын өтетегеннен кейін кәсіби білімін жалғастырып, Арал қаласындағы жедел жәрдем станциясында еңбек жолын бастады.

Жедел жәрдем қызметіндегі алғашқы жылдар оның дәрігерлік мамандыққа деген қызығушылығын одан әрі арттыра түсті. Адам өмірі үшін арпалысқан әрбір сәт, науқасқа жедел көмек көрсету, дұрыс шешім қабылдау – болашақ дәрігердің кәсіби қалыптасуына үлкен әсер етті.

1981-1987 жылдары Ақтөбе мемлекеттік медициналық институтының педиатрия факультетінде білім алып, дәрігер дипломын иеленді. Одан кейін Қызылорда облыстық ауруханасында «Анестезиология және реанимация» мамандығы бойынша интернатурадан өтті. 1987 жылдан бастап Қызылорда қалалық перзентханасының анестезиология және реанимация бөлімінде дәрігер анестезиолог-реаниматолог болып қызмет атқарып, кейін жауапкершілігі аса жоғары бөлімді басқарды.

Ол жылдары медицина саласында бүгінгідей заманауи құрал-жабдықтар мен медициналық аппараттар жеткілікті бола қойған жоқ. Ескі наркоз аппараттарымен жұмыс істеген мамандар үшін әрбір ауыр жағдай үлкен сынақ еді. Оның үстіне анестезиология және реанимация саласында білікті мамандар тапшылығы да сезілді. Осындай күрделі кезеңде дәрігерлердің кәсіби білімі мен тәжірибесі, шұғыл шешім қабылдай білуі аса маңызды болды.

– Ана мен баланың өмірін сақтап қалу үшін талай ұйқысыз түндер өтті. Кейде бірнеше сағат бойы тынымсыз жұмыс істеуге тура келетін. Әрбір ауыр жағдайдың артында бір отбасының тағдыры тұрды. Сондықтан дәрігер үшін ең үлкен марапат – ана мен баланың аман-есен өмірге қайта оралуы, – дейді дәрігер.

2007-2012 жылдары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық қызмет сапасын бақылау саласындағы құрылымдарында қызмет атқарып, медициналық көмектің сапасын бақылау бағытында еңбек етті. 2012 жылдан бастап «Қазақ республикалық лепрозорийі» республикалық мемлекеттік мекемесінде бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып, қазіргі таңда осы мекемеде дәрігер-терапевт ретінде кәсіби қызметін жалғастырып келеді.

Медицина саласындағы 40 жылдан астам жемісті еңбегі елеусіз қалған жоқ. Ол «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен, Қазақстан дәрігерлері мен провизорлары Ұлттық қауымдастығының «Алтын дәрігер» төсбелгісімен марапатталған. Ал биыл Президент Жарлығымен «Парасат» орденінің иегері атанды. Бұл – оның медицина саласындағы көпжылдық қажырлы еңбегіне берілген жоғары баға еді.

– Бұл марапатты 40 жылдан астам уақыт бойы медицина саласында атқарған еңбегіме, денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесіме берілген үлкен құрмет деп білемін, – дейді ол.

Әбілмәжит Нысановтың жары Гүлжихан Тасеменқызы да медицина саласының білікті маманы. Ол кәсіби еңбек жолын 1989 жылы №1 қалалық балалар емханасында учаскелік дәрігер-педиатр болып бастады. Кейін №2 қалалық емханада еңбек етіп, балалар бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Одан кейін қалалық туберкулезге қарсы күрес диспансерінде учаскелік дәрігер-фтизиатр болып қызмет атқарып, бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары қызметіне дейін көтерілді. Басшылық қызметте де өз ісіне жауапкершілікпен қарап, саланың дамуына елеулі үлес қосты. Әр жылдары Жалағаш аудандық ауруханасы, облыстық наркология орталығы, Қазалы ауданаралық ауруханасының бас дәрігері қызметтерін атқарды.

Сонымен қатар денсаулық сақтау жүйесінің қоғамдық және ұйымдастырушылық бағыттарында да еңбек етті. «Senim» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы филиалы төрағасының орынбасары, Сырдария аудандық ауруханасының бас дәрігері міндетін атқарды. №3 қалалық емханада бас дәрігердің стратегиялық даму және ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары, облыстық жастар денсаулығы орталығының директоры қызметтерін атқарды. Кейін облыстық фтизиопульмонология орталығында директордың аудит жөніндегі орынбасары болды.

Көп жылдық еңбегі үшін Гүлжихан Нысанова да «Денсаулық сақтау саласының үздігі», «Денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі үшін» төсбелгігерімен, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл медалімен марапатталған. Қызылорда облысы және Қазалы ауданы әкімдерінің Құрмет грамоталарын иеленген.

Бір шаңырақ астында өмір сүріп, бір саланың ауыртпалығын бірге көтерген ерлі-зайыпты дәрігерлердің кәсіби жолы – жас мамандарға үлгі. Олар үшін медицина – қызмет қана емес, өмірлік ұстанымға айналған мәртебелі мамандық.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

БЖЗҚ: ТӘУЕКЕЛ ТАБЫС ӘКЕЛЕ МЕ?

Қандай басқарушы компанияны таңдасанңыз да, оның инвестициялық табыстылығы, тәуекел деңгейі, басқару тәжірибесі мен комиссиялық төлемдерін мұқият зерттеу маңызды. Қаржы саласының мамандары инвестициялық шешімді әлеуметтік желідегі пікірлерге емес, ресми ақпарат пен нақты қаржылық көрсеткіштерге сүйеніп қабылдауға кеңес береді.

МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІК БЕРЕ МЕ?

Әлеуметтік желілерде «2027 жылдан бастап мемлекет зейнетақы жинақтарына кепілдік бермейді екен» деген өңгіме жиі айтылып жүр. Бұл жаңалық көпшілікті алаңдатқаны рас. Бұл туралы ЮЗЖҚ баспасөз орталығы ресми түсініктеме берген болатын.

– Зейнетақы төлемін алатын адамдарға мемлекет олардың міндетті жарналары мен кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген сомасын жинақталған инфляция деңгейін ескеріп сақтауға кепілдік береді. Ал 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап бұл норма өзгеріп, мемлекет нақты енгізілген міндетті жарналардың сақталуына жауапты. Демек бұрынғыдай инфляция деңгейіне байланысты өтемақы төлеу тетігі қолданыл-

майды. Мемлекет зейнетақы жүйесін реттеуді бұрынғысынан жалғастырады. Ұлттық банк зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асырады, инвестициялау талаптарын белгілейді және тәуекелдерді бақылауда ұстайды. Сонымен қатар жеке инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) жауапкершілігі де заңмен күшейтілген. Егер олардың инвестициялық табысы белгіленген ең төменгі деңгейден төмен болса, айырмашылықты өз қаражаты есебінен өтеуге міндетті, – дейді баспасөз қызметі.

САЛЫМШЫЛАР ҮШІН ҚАНДАЙ МҮМКІНДІК?

Қазір міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жинақтарының тек 50 пайызына дейін ғана жеке басқарушы компанияларға беруге мүмкіндік болса, енді оларды толық көлемде ИПБ басқаруына тапсыруға болады. Оның үстіне салымшы бір емес, бірнеше инвестициялық портфельді таңдап, өзіне қолайлы стратегияны пайдалана алады. Тәуекелі төмен немесе табысы жоғары бағыттардың бірін өзі шешеді.

Неліктен мемлекеттік кепілдік өзгертілді? Мамандардың айтуынша, инвестициялық басқарудың нарықтық жүйесі кеңейген сайын бұрынғы инфляция

деңгейіндегі мемлекеттік кепілдік өзінің экономикалық маңызын жоғалтады. Өйткені енді әр адам активтерді кім басқаратынын таңдай алады. Ал басқарушы компаниялардың жұмысы халықаралық қаржы нарықтарында қолданылатын көрсеткіштермен бағаланып, олардың жауапкершілігі заңмен бекітіледі. БЖЗҚ-ның рөлі өзгермейді. Зейнетақы жинақтарын кім басқарса да, Бірінғай жинақтаушы зейнетақы қоры барлық салымшылар үшін бірінғай есеп пен ақпараттық орталық болып қала береді. Жұртшылық жеке зейнетақы шотындағы қаражаттың қозғалысын бұрынғыдай тәулік бойы көре алады. Сондай-ақ арнайы интернет-платформа арқылы әрбір басқарушының инвестициялық нәтижесін салыстыру мүмкіндігі қарастырылған.

Жаңа реформа зейнетақы жүйесін түбегейлі өзгертетін маңызды қадам болып отыр. Енді қаражатты басқаруда бұрынғыдан кең мүмкіндік беріледі. Алайда үлкен мүмкіндік үлкен жауапкершілікті де талап етеді. Сондықтан әрбір салымшы қаржылық сауаттылығын арттырып, шешімді жан-жақты саралағаннан кейін ғана қабылдағаны жөн.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

ТЫҢНАН ТҮСКЕН КӨЛІК ДӘЛІЗІ СЫРҒА СЕРПІН БЕРЕДІ

Енді аталған үш жобаға жекелей тоқталсақ. Жоғарыда айтқандай, жаңадан басталатын «Бейнеу-Сексеуіл» автожолының 189 шақырымы біздің өңірге тиесілі. Салынатын жол құрылысы Арал ауданына қарасты Құланды, Ақбасты, Ақеспе, Қосаман және Сексеуіл кенті жанынан жүреді.

– Бұл жоба Қытай шекарасындағы өткізу бекеттерін Ақтау, Құрық порттарымен тікелей байланыстырады. Сондай-ақ «Қызылорда-Сексеуіл» автожолы арқылы Қытайдан келетін жүк Қызылорда арқылы Ақтөбе, Атырау, Ақтау бағыттарына және әрі қарай Еуропа елдеріне жеткізіледі. Бұл облыстың көлік-логистикалық әлеуетін арттырып, өңірдің инвестициялық тартымдылығын күшейтпек, – дейді облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Жәнібек Сыздықов.

Басқарма басшысының сөзінше, құрылыс кезінде жол бойынан халықаралық стандарттарға сай сервистік инфрақұрылым тартылады. Атап айтсақ, жанар-жағармай құю станциялары, техникалық қызмет көрсету орталықтары, қонақүйлер, қоғамдық тамақтану орындары, демалыс аймақтары, санитарлық тораптар, жүк көліктеріне арналған тұрақтар, логистикалық орталықтар және қойма кешендері ашылады.

1-бет

– Бұған жеке инвесторлар тартылып, шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына қолайлы жағдай жасалады. Нәтижесінде жаңа жұмыс орындары құрылып, халықтың жұмыспен қамтылуы артады. Жергілікті бюджетке түсетін салық көбейеді. Жалпы халықаралық транзит ағынының артуы Қызылордадағы көлік-логистика, сауда, қызмет көрсету және туризм саласының дамуына ықпал етеді. Өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттырып, инвесторлар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Меніңше, «Бейнеу-Сексеуіл», «Қызылорда-Сексеуіл» автожолдары жай ғана өңірлік емес, Ұлы Жібек жолының заманауи жалғасы ретінде Қытай мен Еуропаны жалғайтын халықаралық көлік дәлізінің маңызды бөлігі, – дейді ол.

Иә, үш ірі жол инфрақұрылымының «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» дәлізі мен Транскаспий бағыты арқылы жүк тасымалының өсуіне байланысты қажет болғаны рас. Мамандар пікірінше, енді Қорғас пен Ташкенттен басталған жүк легі Шымкент пен Қызылорда арқылы Сексеуілге тоғысады, әрі қарай Ақтау порты арқылы Бакуге жөнелтіледі.

– Ең маңыздысы, жобалар іске асқан соң жолдың өткізу қабілеті бірнеше есеге артып, қарсы бағытта шығу салдарынан болатын жол-көлік оқиғаларының қауіпі төмендейді. Сонымен қатар, жол жүру уақыты қысқарып,

тасымал тиімділігі артады. Техникалық параметрлер халықаралық талаптарға сәйкестендіріліп, қозғалыс қауіпсіздігі мен көлік қатынасының жайылығы едәуір жақсармақ. Ал кәсіпкерлікті дамыту мақсатында жол бойында сервистік аймақтарды жайластыру жоспарлы түрде жүреді, – дейді «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ облыстық филиалының директоры Жасұлан Керімқұлов.

Филиал директорының айтуынша, «Бейнеу-Сексеуіл» автомобиль жолының Қызылорда облысы аумағында 32 қиылыс, 17 кірме жол, 5 демалыс алаңы, 14 аялдама, 30 су өткізу құбыры жоспарланған. Екінші ірі жобаның бірі «Қызылорда-Сексеуіл» жолын қайта жаңғырту кезінде 9 жол айрығы, 14 көпір, жол бойында сервистік аймақтар қарастырылған. Бұл жобаның құны 832,8 млрд теңге. Құрылыс Сырдария, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы, Арал аудандарының аумағын қамтиды.

Ал «Ұлғайсын-Сексеуіл» жобасы 312 шақырымдық құрылыс болып саналады. Құны 762 млрд теңгеге шыққан автожолдың 97 шақырымы біздің өңірден өтеді. Аталған үш жобаны іске асыру шартында бір жыл жобалау, үш жыл құрылыс жүретін болса, жеті жыл күтіп ұстау жұмыстары қарастырылған.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

/// 10 ТАМЫЗ – АБАЙ КҮНІ

АҚЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ – АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚ ӨЛШЕМІ



Абай Құнанбайұлының туғанына 181 жыл толуына орай облыс көлемінде ұлы ақынның гибратты ғұмыры мен әдеби мұрасын арқау еткен түрлі тақырыптағы мәдени-көпшілік іс-шаралар өтті. Оған руханият өкілдері, кітап оқырмандары, қарапайым тұрғындар қатысып, лайықты үн қосты.

Айталық, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен Абай аллеясында өткен «Абай – дана, Абай – дара қазақ» атты әдеби-сазды кеште бөлім басшысы Айдын Қайруллаев көпшілікке ізгі тілегін білдіріп, ақынның әрбір шығармасы – адами құндылықтың өлшемі, сондықтан ұрпақ тәрбиесінде қашан да маңызы зор екендігін атап өтті.

Кеш аясында ақын, ұлы ағартушы Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған бейнеролик көрсетіліп, жасөспірім көркемсөз ше-

берлері ақын өлеңдерін жатқа оқыды. Сонымен қатар, автордың көпке танымал әндері орындалып, қала өнерпаздарының концертіне ұласты. Қатысушыларға түрлі викториналық сұрақтар арқылы көрермендер ақын мұрасын тағы бір мәрте еске алды. Сондай-ақ кешке қатысушы қала тұрғындары, қарапайым еңбек адамдары ақын жырларын оқып, әндерін шырқағаны өте әсерлі болды.

Қазақтың бас ақыны, ағартушы Абай Құнанбайұлының рухани мұрасын жас ұрпаққа кеңінен таныту, ұлттық әдебиет пен өнерге деген қы-

зығушылықты арттыру мақсатында ұйымдастырылған танымдық кеш осылайша өз мәресіне жетті.

Бұдан бөлек, қалаға қарасты М.Ерәлиева атындағы Мәдениет үйінде «Адамзаттың алыбы – хакім Абай» атты әдеби-сазды кеш өткізілді. Онда «Ақ қауырсын» көркемсөз оқу үйірмесінің қатысушылары ақын өлеңдерін әсерлі оқып, көрерменнің ыстыққыласына бөленді. «Мәдениет саласының үздігі» Ләйла Насимханова, мәдениет үйінің өнерпаздары Жұмабай Шерниязов, Қуаныш Алғазиев Абай әндерін шырқап, ақынның шығармашылығының тереңдігі мен көркемдігін паш етті.

«СБ» ақпарат

/// ТАҒЫМ

САҒЫНЫШ

Өмір шіркін өзен сияқты екен. Ағысын тоқтатпайды. Ал думанды кездер лезде өте шығарын кім білген?! Сүйікті жарым Ұмытшақ Нұрсейітқызы дүниеден озды. Қызым Зүлфия көз жасын төкті. Менің де бауырым езілді. Ағайын-туыс ағыла келіп, сабырға шақырды. Сүйікті інілерім Ибрагим, Наурызбай, Нұрмұрат, Алтынбек, Серік, Дайрабай, Ибадулла мені қуатқа шақырып, жаныма демеу жасады. Қайғының қара бұлтын сөйлітіп, шүкіршілікті ту етіп, қасымда біраз отырды. Рәхмет, ағайын-туыс, бауырларға, құда-жекжат, іні-қарындастарыма. Өсіресе қызым Зүлфияның дос-жарандары Гюзель, Софья бастаған топ қайғымызды бөліскенін ұмытар емеспін!

Жарым Ұмытшақпен елу жылдан астам сыйластықпен өмір сүрдік, немере сүйдік, талай қуанышты сәттерді бастан өткіздік.

Өлі есімде. Мына Махамбетов ауылынан бір топ жастар Нұрғиса Тілендиевтің концертіне келді. Ортала-рында ауылдағы комсомол жетекшісі Ұмытшақ Нұрсейітқызы бар. А.Токмағанбетов атындағы театрда ине шаншар орын жоқ, жұрт көп жиналды. Сол концертте Ұмытшақпен қатарлас отырып қалдық. Таныстық сол жолы басталған еді-ау.

Иә, ауыл қызымен біраз сырласып, отау құруды әңгімеледік. Жұмыстан шыққан бойда ауылға жол тартып, әңгімеміз жалғасып, талай сыр ағытқан едік-ау.

– Мен ата-анадан жастай айрылдым, – деді бірде көз жасына ерік беріп. Іні-сінділерімді жетілдіру мойнымда тұр. Тұған бауырым Оразбек төрт жасында, Орыңкул 15 жасында, ал Дәмен мүлдем жас еді. Институтты бітіру мойнымда тұр. Отбасын құруды содан соң ойластырайық, жігітім...!

Отау құру мәселесін мен де тереңнен қозғап отырдым. Ақын Қадырдың:

«Сұлулар қасыңнан өткенде,
Иіліп тұрып қарайсың,
Ақарлы қызды көргенде
Ақылды қыздай айсың!» дегенімде «ой, өзін ақыяңанды азамат екенсін» деп мойын бүрді.

Ұмытшақтың сол бір кездегі ағынан жарылған кіршіксіз сырны бас имеске аамалым қалмады. Бір-бірімізді жеті жылдай құттік. Ол Алматы ауыл шаруашылығы институтын бітірді, іні-сінділерін жеткізді.

Бәріне тағы оралайыншы. Сонау 1970 жылы жаз айында үйлену тойымыздың күнін белгіледік. Еркесары, Жансары бастаған құрбылары думандата, той өткізіп, шығарып салды, аталар, әжелер ағынан жарылып бата берді.

Біз үйленген кезде қазіргідей сабылған асаба жоқ еді. Беташарды қарындасым Шынардың күйеуі, қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Исатай Елубаев қолына алып, домбырасымен күй шертіп, бастады. Беташар сөздерін өзін жазып беріп, қолына ұстаттым. Исатай төгілті, жұрт риза пейіл байқатты.

Дүниеге қызым Зүлфия, одан соң Бағдат келді. Екеуі институт бітірді. Қызым дәрігер, медицина ғылымдарының кандидаты, Бағдат Пәкістан университетін бітірді, ағылшын, араб тілінің маманы. Немеренің алды қазақтың Абай атындағы университетінің студенті, Нұрдаурен, Айша мектепте оқиды.

Шүкір, шүкір! Ұмытшақ 85 жас жасады. Ұзақ сырқаттанды. Жүруден қалды. Ас-ауқатын қызым мен келінім қасықпен беріп, мәлепелді, күтті. Қиындыққа сыр бермей төтеп берді.

Быыл шілденің екінші аптасында абыр-сабыр болдық та қалдық. Қоғдай жапырлап ағайын-туыс ағылды. Еңбек еткен қара шаңырағым – «Сыр бойы» газетінің ұжымы келді. Астанадан жиендерім Бақытжан, Ғалымжан, інім Мұхамеджан келді. Жаныма демеу болды.



«Қоғалыдағы» Құлболды ишан зиратына қойдық. Алғашқы бейсенбілігіне дейін төртқұлақ салып үлгердік. Осы бір сәтте, ағайын-туыс қоғдай жапырлап, қызмет көрсеткені есімнен шығар емес.

Жүйітікен уақыт неткен жылдам еді. Ұмытшақтың дүниеден озғанына да қырық күн толғанын қараңызшы?! Ізгілік ойлап пендеге,

Нұр құйылған кеудеге.
Пейіштің нұрын шалқытып,
Жүзіп жүрсін, бір кеме!
Бұл – көктасқа жазылған ескерткіш!

Ұмытшақ Нұрсейітқызының зиратына барған сайын, осы бір шумақты қайталап, Құран бағыштаймыз.

Марқұмның 40 күндік асы 15 тамыз, сенбі күні «Nomad palace» мейрамханасында сағат 11:00-де басталады.

Қайырбек
МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
Қазақстанның құрметті журналисі

ТАҢШОЛПАННЫҢ ТҮЙЕЛЕРІ



– Бәрі маған еркелеп тұрады. Өздері адам сияқты, сағынады. Екі-үш күн үйде болсам, келгенімде алдымнан жүгіріп шығады. Иығыма басын қояды. Жанары мөлдіреп тұрады. Жараланған, құрттап кеткен кезде көзінен әдеттегіден көп жас ағады. Мен оны жанына батқан соң жылап тұр деп түсінемін, – дейді ол.

Таңшолпанның түйелері әлеуметтік желі қолданушыларына да жақсы таныс. Ол TikTok-тағы парақшасын бірнеше жылдан бері белсенді жүргізіп келеді. Бастапқыда ауылдың күнделікті тыныс-тіршілігін көрсету мақсатында видео түсірген. Кейін оқырмандардың түйелерге деген қызығушылығы басым екенін байқаған.

– Блогерлікпен алғашқыда көпшілікке ауылдың күнделікті тыныс-тіршілігін көрсету үшін айналысып жүрдім. Ал қазіргі кезде халыққа көбіне түйелермен түскен видеоларым өтеді. Осындай жаз-

баларымнан кейін түйе шаруашылығына қызығып, кеңес сұрағандар өте көп. Тіпті түйеме құда түскендер болды, – дейді кейіпкеріміз.

Оның ішінде Ерқоша есімді түйесінің орны бөлек. Бытыр бір азамат Ерқошаны 2 миллион теңгеге бағалап, сатып алуға ұсыныс жасаған. Алайда Таңшолпан қимастықпен ұсыныстан бас тартыпты. Ол кезде бір түйенің нарықтағы бағасы шамамен 1 миллион теңге болса, быыл оның құны 1 миллион 400 мың теңгеге дейін жеткен.

Кейіпкеріміз түйе сүті, құрт пен шұбат сатудан да табыс тауып отыр. Барлығын қосқанда, отбасының ай сайынғы табысы 500-600 мың теңгеден асады. Таңшолпанның айтуынша, түйе шаруашылығы өзге түлік түрлеріне қарағанда аса қиын емес. Оның табиғи ерекшелігі де – осы.

– Түйе шаруашылығы басқа түліктерге қарағанда аса қиын емес. Өйткені түйе өзімен-өзі жүреді, өз тамағын өзі тауып жейді. Шөлге төзімділігі сондай, есігіміздің алдында ағып тұрған бұлаққа бармайды. 10-15 күн, кейде бір ай бойы сусыз жүре береді. Бұл – көп күтімді қажет етпейтін жануар. Бағасы қымбат, еті тәтті, сүті мен шұбаты пайдалы. Табыс отбасымызды асырауға әбден жеткілікті, – дейді ол.

Түйе шаруашылығын қолға алғысы келетіндерге де өз тәжірибесімен бөлісіп, түлікті жергілікті жерден алған жөн екенін айтады. Оның сөзінше, басқа өңірден әкелінген түйе жаңа ортаға бірден үйренісе қоймайды, тіпті бұрынғы мекенін іздеп қашып кетуі де мүмкін.

Екі қызыл дипломы бар Таңшолпан бүгінде мамандығы бойынша емес, атадан балаға жалғасқан кәсіпін соңында жүр. Бухгалтерлік есеп пен бала оқытудан гөрі қорадағы түйенің жайын жақсы білетін ол үшін бұл – жай ғана кәсіп емес, отбасының нәсібі. Ал әлеуметтік желі арқылы ауыл тіршілігін көрсетіп, түйе шаруашылығын насихаттауы – атақсиптің де заманға бейімделе алатынының бір көрінісі.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Орман-тоғайда отқа абай болыңыздар!

Өртпен орман өсімдіктері ғана емес, көптеген құстардың ұялары, жас және ересек жануарлар, терісі бағалы аңдар мен құстардың азық қоры, орман-тоғайдағы құрылыстар, дайындалған сүректер және жануарлардың азығы, электр желісі мен байланыс желілері, ағаш көпірлер және басқа халық шаруашылығы объектілері жойылады.

Орман өрттерін сөндіруден оның алдын алу әлдеқайда оңай. Өрт қаупі бар маусымда, яғни қар ерігеннен бастап көктемгі толассыз жауын-шашынға немесе қар жауғанға дейінгі мерзімде мыналарға: Арнайы көрсетілмеген және белгіленбеген орындарда от жағуға, жанып тұрған шырпыны, темекі күлін тастауға және темекі тартатын трубкалардан ыстық шоктарды қағып түсіруге, аң аулау кезінде тез немесе бықсып жанатын материалдардан жасалған оқ тығындарын пайдалануға, орман-тоғай алаңқайларында, алаңдарда, шалғындарда шөптерді жағуға және мемлекеттік орман қоры-

ның егістік далаларында және ормандарға іргелес жатқан учаскелерде аңыздарды өртеуге тыйым салынады.

Орманда өрттің алдын алу, санитарлық жағдайды сақтау, ағашты зақымданудан қорғау – негізгі мақсат. Ормандарда өрт қауіпсіздігі мен санитариялық қағидаларды бұзу Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 367-бабы негізінде аталған ережелерді бұзған тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылатынын ескертеміз. Орман өртінен қорған азаматтар ол жөнінде мемлекеттік орман иеленуші қызметкерлеріне телефон: 8 (724) 26-15-22 және мемлекеттік өртке қарсы қызметіне (телефон: 101, 112) хабарлаулары керек екендігін түсіндіреміз.

А.ӘБСАДЫҚОВ,
«Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің инженері

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Құрметті тұтынушылар!

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ 2026 жылдың 14 тамызынан бастап тұтыну көлемі және тұтынушылар топтары бойынша саралауды ескере отырып, Қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінің электр энергиясын (электрмен жабдықтауды) бөлшек саудада өткізу бағасы қолданысқа енгізіледі

Көрсеткіштердің атауы	Тариф теңге/ кВт*сағ КҚС-сыз	Тариф теңге/ кВт*сағ КҚС-мен
Шекті баға	29,79	34,5564
Жеке тұлғалар үшін шекті баға (электр энергиясын тауарларды, жұмыстарды өндірумен (сатумен) және қызмет көрсетумен байланысты емес өз тұрмыстық қажеттіліктері үшін пайдаланатын тұрмыстық тұтынушылар)	25,47	29,5452
Электр плиталарын пайдаланбайтын жеке тұлғалар үшін		
1 деңгей (70 кВт*сағ-қа дейін)	23,92	27,7472
2 деңгей (70 кВт*сағ-тан 150 кВт*сағ дейін)	30,56	35,4496
3 деңгей (150 кВт*сағ-тан жоғары)	38,20	44,312
Электр плиталарын пайдаланатын жеке тұлғалар үшін		
1 деңгей (90 кВт*сағ-қа дейін)	23,92	27,7472
2 деңгей (90 кВт*сағ-тан 170 кВт*сағ дейін)	30,56	35,4496
3 деңгей (170 кВт*сағ-тан жоғары)	38,20	44,312
Жасы бойынша жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүгедектер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген, электр плиталарын пайдаланбайтын тұлғалар, меншігінде біреуден артық тұрғын үй-жайы (пәтері) бар аталған тұлғаларды қоспағанда тұтынушылар үшін (жеке тұлғалар)		
1 деңгей (100 кВт*сағ-қа дейін)	23,92	27,7472
2 деңгей (100 кВт*сағ-тан 150 кВт*сағ дейін)	30,56	35,4496
3 деңгей (150 кВт*сағ-тан жоғары)	38,20	44,312
Жасы бойынша жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүгедектер, Ұлы Отан соғысына қатысушылары және оларға теңестірілген, электр плиталарын пайдаланатын тұлғалар, меншігінде біреуден артық тұрғын үй-жайы (пәтері) бар аталған тұлғаларды қоспағанда тұтынушылар үшін (жеке тұлғалар)		
1 деңгей (100 кВт*сағ-қа дейін)	23,92	27,7472
2 деңгей (100 кВт*сағ-тан 170 кВт*сағ дейін)	30,56	35,4496
3 деңгей (170 кВт*сағ-тан жоғары)	38,20	44,312
Бюджеттік ұйымдар үшін (мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғалар)	33,44	38,7904
Өзге тұтынушылар үшін (электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланбайтын)	33,44	38,7904
ӨМАТ, АЭА және ИА кәсіпорындары үшін (әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілер, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың аумағында орналасқан тұтынушылар)	29,79	34,5564

Лицензия №24035430 18.12.2024 жс